**2009 жылға арналған жер салығының ставкаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2008 жылғы 14 қазандағы N 19-3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 30 қазанда N 2-8-101 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 33-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2009.12.23 N 33-5 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 329, 330, 332,333, 338 бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 11-бабы 1-тармағына сәйкес және Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2008 жылғы 6-қазандағы N 7-1/1342 хатының негізінде Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Еңбекшіқазақ ауданы бойынша жер салығы ставкаларыныңколданылатын төмендегідей түзету коэффициенттері бекітілсін:

1 аймақ - 1,5
2 аймақ - 1,3
3 аймақ - 1,1
4 аймақ - 0,9
5 аймақ - 0,7

Есік қаласы бойынша базалық ставкасына біркелкі 1,5 түзету коэффициент бекітілсін (қосымшалар қоса беріліп отыр).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Максат Тоқбергенұлы Бекетаевқа және аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихаттың 19-сессиясының төрағасы* *Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ж. Желеуов* *Ә. Талқанбаев*

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 14-қазандағы N 19-3 "2009 жылға арналған жер салығының ставкаларын бекіту туралы" шешіміне 1 Қосымша

## Есік қаласының жер салығының ставкасы

теңге есебімен

| Жерді пайдалану бағыты | Өлшем бірлігі | 2008 жыл | 2009 жыл | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қолда-ныстағы ставка | I аймақ К-1,5 | II аймақ К-1,5 | III аймақ К-1,5 | I V аймақ К-1,5 | V аймақ К-1,5 |
| Елді мекендердің жерлеріне, тұрғын үй қоры жатқан жерлерді қоспағанда, соның ішінде құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлер | 1 шаршы. м | 5,79 | 8,69 | 8,69 | 8.69 | 8,69 | 8,69 |
| Елді мекендердің жерлеріне, тұрғын үй қоры жатқан жерлерге, соның ішінде құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлер | 1 шаршы. м | 0,39 | 0,59 | 0,59 | 0,59 | 0,59 | 0,59 |
| Үй іргесіндегі жер учаскесі,- көлемі 5000 шаршы.м дейінгіні қоса алғанда | 1 шаршы. м | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 |
| Үй іргесіндегі жер учаскесі, көлемі 5000 шаршы.м асатын | 1 шаршы. м | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 |

Ескерту: ҚР Салық кодексінің 333 бабының 2 тармағына сәйкес үй іргесіндегі жер учаскесінің базалық ставкасына түзету. ҚР Салық кодексінің 337 бабына сәкес бөлінген автотұрақтар, автомобильге май құю станциалары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне осы Кодекстің 332 бабында белгіленгендей базалық ставкалар он есе ұлғайтылады

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 14-қазандағы N 19-3

"2009 жылға арналған жер салығының ставкаларын бекіту туралы" шешіміне
2 Қосымша

# Еңбекшіқазақ ауданының жер салығының ставкасы (Есік қаласынан басқасы)

| № | Жерді пайдалану бағыты | Өлшем бірлігі | 2008 жыл | 2009 жыл | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолда-ныстағы ставка | I аймақ К -1,5 | I I аймақ К-1,3 | I I I аймақ К-1,1 | I V аймақ К-0,9 | V аймақ К-0,7 |
| 1 | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер | 1 гектар | бонитет балына сәйкес | К-1,5 | К-1,3 | **К-1,1** | К-0,9 | К-0,7 |
| 2 | Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 05 гектарға дейінгіні қоса алғанда | 100 шаршы.м | 20,00 | 30,00 | 26,00 | 22,00 | 18,00 | 14,00 |
| 3 | Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 05 гектардан асатын | 100 шаршы.м | 100,00 | 150,00 | 130,00 | 110,00 | 90,00 | 70,00 |
| 4 | Елді мекендердің жерлеріне, тұрғын үй қоры жатқан жерлерді қоспағанда, соның ішінде құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлер | 1 шаршы.м | 0,48 | 0,72 | 0,62 | 0,53 | 0,43 | 0,34 |
| 5 | Елді мекендердің жерлеріне, тұрғын үй қоры жатқан жерлерге, соның ішінде | 1 шаршы.м | 0,09 | 0,14 | 0,12 | 0,10 | | 0,06 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлер | | | | | | 0,08 | |
| 6 | Үй іргесіндегі жер учаскесі, көлемі 5000 шаршы.м дейінгіні қоса алғанда | 1 шаршы. м | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 | 0,20 |
| 7 | Үй іргесіндегі жер учаскесі, көлемі 5000 шаршы.м асатын | 1 шаршы. м | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 | 1,00 |
| 8 | Өнеркәсіп жерлеріне | 1 гектар | бонитет балына сәйкес | К- 1,5 | К- 1,3 | К-1,1 | К-0,9 | К-0,7 |

Ескерту: ҚР Салық кодексінің 333 бабының 2 тармағына сәйкес үй іргесіндегі жер учаскесінің базалық ставкасына түзету коэффициентін қолданбайды.

ҚР Салық кодексінің 337 бабына сәкес бөлінген автотұрақтар, автомобильге май құю станциалары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне осы Кодекстің 332 бабында белгіленгендей базалық ставкалар он есе ұлғайтылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК